

2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 5 маусымдағы № 91 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы "05" маусымдағы
№ 91 қаулысына 1-қосымша

2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны *	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
		Жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында	9 сағаттық болу режимі бар топта	10,5 сағаттық болу режимі бар топта	түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта	туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу

						режимі бар топта
ауыл	31 717	32 245	67 607	73 958	113 207	137 309
қала	28272	29 471	62 060	67 717	102 806	124 307

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы "05" маусымдағы
№ 91 қаулысына 2-қосымша

2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді мекен атауы	Тәрбиеленушілер саны *	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге)
Қызылорда		-	-
қала	24350	13500	14500
ауыл	1600	13500	14500
Арал ауданы		-	-
қала	2572	10000	10000
ауыл	2559	10000	10000
Қазалы ауданы		-	-
қала	305	12500	13000
ауыл	3976	12500	13000
Қармақшы ауданы		-	-
қала	1045	10000	12000
ауыл	3948	10000	12000
Жалағаш ауданы		-	-
ауыл	3247	9000	9000
Сырдария ауданы		-	-
ауыл	2306	8000	9000
Шиелі ауданы		-	-
ауыл	7033	12000	12000
Жаңақорған ауданы		-	
ауыл	7048	8000	10000

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.